# Сан есімнің түрленуі



# Жалғасын тап.

- 1.Тіл- адам ойының
- айнасы
- 2.Аңдамай сөйлеген
- ауырмай өледі
- 3.Ойнап сөйлесең де
- ойлап сөйле
- 4.Айтылған сөз атылған
- оқпен тең.
- 5.Бал тамған тілден,
- у да тамар

# Жалғасын тап

- Көп сөз көмір, аз сөз
- алтын.
- Сөз сүйектен өтеді,
- таяқ  еттен өтеді
- Ең тәтті де, ең ащы да
- тіл
- Бас кеспек болса да,
- тіл кеспек жоқ
- Тіл тас жарады,
- тас жармаса бас жарады

# Саяхат





# Сөз таптары.Сан есім.

Сөздердің білдіретін мағынасына,түрлену тұлғасы,қойылатын сұрағына, сөйлемде атқаратын қызметіне қарай топталуын **сөз таптары** дейміз.

1Зат есім
2Сын есім
3Сан есім
4Есімдік
5Етістік
6Үстеу
7Еліктеу
8Шылау
9Одағай



## І. Жолбастар

**- Балалар, біз саяхатқа шықпас бұрын, жолға дайындық жұмысын жүргізейік.**

**Ал, ендеше, бүгінгі өтетін *"Сан есім" патшалығына аттанайық.***




Сан есім патшалығына
қош келдіңіздер!!!

# Сан есім



- Қанша?Неше? деген сұрақтарға жауап береді.







1

2

4

3



- **1)**Белгілі бір заттың нақтылы сандық мөлшерін білдіреді.
- **2)**санның атауы болып қызмет атқарады.

Мысалы: Домбырада он бір перне, екі ішек.

Мысалы: Қырық беске төртті қоссаң,қырық тоғыз болады.

**Сан есімдердің түрлену жүйесі біркелкі емес, әркелкі болып келеді. Мысалы: есептік,жинақтық сан есімдер сан атаулары ретінде заттық ұғымда қолданылатын сөздер болғандықтан, олар септік, тәуелдік, жіктік жалғауларын қабылдай алады.**

Есептік сан есімдер заттардың сандық мөлшерін білдіргенде ешбір өзгеріске түспейді, тек заттық ұғымда жұмсалғанда ғана түрленеді:
көптеледі, септеледі, тәуелденеді, жіктеледі.

Мысалы:Бестің басы болғанша, алтының аяғы болшы.

Тоқсанымыз жиылып, тоқты жыққан батырмыз.

Сексеніміз жиылып, серке жыққан батырмыз.

Жинақтық сан есімдер мағына жағынан заттық қасиеті бар сөздер болғандықтан, түрлендіруші қосымшаларды,яғни көптік, септік, жіктік жалғауларының бәрін қабылдай береді.

Мысалы: Менің бес құлыным бар, бесеуін бесеуіңе берейін.

Беременде бесеусің, алarманда және алтау.

Біреулер аңын,терісін әкеп, Күзеген байталының біреуі жалын.

Бөлшектік сан есімдер негізінде заттанған сандар тіркесінен құралған сөздер болғандықтан, әр түрлі септік жалғауларының бәрін қабылдай береді.Бірақ көптелмейді,өз құрылысы тәуелді болғандықтан, тәуелдік жалғауларын қабылдамайды. Жіктік жалғауларын қабылдаса, заттық ұғымда жұмсалады.

Мысалы:

Сен төрттің бірісің десек , төрт кісінің біреуі сенсің деген ұғымға ие болып кетеді.

# Сан есімнің түрлену кестесі

| Сан есімдер | Көптелуі | Септелуі | Тәуелденуі | Жіктелуі |
| --- | --- | --- | --- | --- |
| миллион | Миллион-дар | Миллион-ның | Миллион-ы | Миллион-быз |
| үшеу | Үшеу-лер-і | Үшеу-ден | Үшеу-іміз | Үшеу-міз |
| Екінің бірі | - | Екінің бірі-не | - | Екінің бірі-сің |

# I аялдама





# Кітаппен жұмыс

**85-** жаттығу





# II аялдама

# І қатарға

# 86 - жаттығу

# ІІ қатарға

## 87 - жаттығу

# III қатарға

# 88 - жаттығу

# III. Аялдама



- Мінекей, балалар, біз үшінші аялдамаға да келіп жеттік. Біз әрбір аялдамада берілген тапсырмаларды орындауымыз керек.

# Ізденімпаздық деңгей

# Білім мен дәстүр ойыны

1.Жеті атаңды ата
2.Халқымыздың кие тұтқан сандары
3.Үш арсызды ата
4.Үш мақсат
5.Әдебиеттегі бес арыс
6.Үш бәйтерек

# Жауаптары:

1.ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене.
2.жеті, тоғыз....
3.ұйқы, күлкі, тамақ.
4.сауда мақсаты – ұту, жол – жету, дау – біту
5.Ахмет, Жүсіпбек, Шәкәрім, Міржақып, Мағжан
6.Сәкен, Ілияс, Бейімбет.

# Бекіту сұрақтары

# Сұрақ-бізден, жауап-сізден.

- Сөз таптары дегеніміз не?
- Қазақ тілінде неше сөз табы бар?
- Сан есім дегеніміз не?
- Сұрақтарын ата.
- Сан  есімдер қалай түрленеді?

# Үй тапсырмасы

# Шығармашылық деңгей

1.Сан есімдерді қатыстырып өзіңнің күн тәртібіңді жаз.

2.Туған күніме шақырамын,, тақырыбында алыстағы досыңа хат жаз.


Жолсапар

## IV Жолбекет



Міне, балалар, біз берілген тапсырмаларды орындап жолбекетке де келіп жеттік. Олай болса бүгінгі сабақтан қандай әсер алдыңыздар, сол жөнінде ***“5 минуттық эссе”*** жазуды тапсырамын, яғни сөйлемнен тұратын өз пікірлерің білдірсеңіздер.







Жаңа алаң
Новая площадь
The new square



Қазақ тілінен сауатты болып,

Мәдениетті жақтайық!

Елін сүйер жастар болып,

Сенімді ақтайық!

